

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Корей Республикасының Үкіметі арасындағы Қазақстан Республикасындағы корей еріктілерінің қызметі туралы келісімге қол қою туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 20 қыркүйектегі N 886 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Корей Республикасының Үкіметі арасындағы Қазақстан Республикасындағы корей еріктілерінің қызметі туралы келісім жобасы мақұлданын.

2. Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау вице-министрі Болат Әбілқасымұлы Палымбетовке қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Корей Республикасының Үкіметі арасындағы Қазақстан Республикасындағы корей еріктілерінің қызметі туралы келісімге қол қоюға өкілеттік берілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 6 ж ы л ғ ы 2 0 қ ы р к ү й е к т е г і

N 8 8 6 қ а у л ы с ы м е н

мақұлданған

Жоба

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен
Корей Республикасының Үкіметі арасындағы
Қазақстан Республикасындағы корей еріктілерінің
қызметі туралы келісім <*>**

(2006 жылғы 22 қыркүйекте күшіне енді -
Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары бюллетені,
2006 ж., N 6, 46-құжат)

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Корей
Р е с п у б л и к а с ы н ы ң Ү к і м е т і ,

екі мемлекет арасындағы қазіргі достық байланыстарды негізге ала отырып,

екі мемлекет арасындағы экономикалық және әлеуметтік ынтымақтастықты дамыту мақсатында,

техникалық ынтымақтастық жолымен екі ел арасындағы қатынастарды нығайтуды ниет ете отырып және

Қазақстан Республикасына жіберілетін, бұдан әрі еріктілер деп аталатын корей еріктілерінің қызметіне құқықтық кепілдіктер беру мақсатында төмендегі туралы келісті:

1-бап

1. Уәкілетті органның сұрауы бойынша және Корей Республикасының заңнамасына сәйкес Корей тарабы Қазақстан Республикасының әлеуметтік және экономикалық дамуына жәрдем ету мақсатында Тараптардың уәкілетті органдары арасында жеке келісілуге тиіс жоспарларға сәйкес Қазақстан Республикасына еріктілерді жіберу жөніндегі қажетті шараларды қабылдайды.

2. Корей тарабы уәкілетті органның өтінімдеріне сәйкес жыл сайынғы негізде еріктілер қызметінің салаларын айқындайды.

3. Тараптар тағайындайды және дипломатиялық арналар арқылы өздерінің уәкілетті органдары туралы, сондай-ақ өздерінің уәкілетті органдарына қатысты өзгерістер туралы бірін-бірі хабардар етеді.

2-бап

Осы Келісімде пайдаланылатын ұғымдар мынаны білдіреді:

(а) "еріктілер" - Корей Республикасы, Сеулдегі бұдан әрі "КОІСА" деп аталатын Корей халықаралық ынтымақтастық жөніндегі агенттігі Қазақстан Республикасының әлеуметтік және экономикалық даму ісіне ерікті түрде қызмет етуге Қазақстан Республикасына жіберген Корей Республикасының азаматтары;

(б) "КОІСА-ның тұрақты өкілі" - КОІСА жіберген және КОІСА-ны білдіру және Қазақстан Республикасындағы КОІСА-ның даму бағдарламаларын басқару үшін Қазақстан Республикасындағы Корей Республикасының Елшілігіне бекітілген Корей Республикасының азаматы;

(в) "КОІСА-ның персоналы және үйлестірушілері" - Қазақстан Республикасындағы еріктілер қызметін қолдау үшін КОІСА-ның тұрақты өкілі жұмысқа қабылдайтын немесе КОІСА-ның тұрақты өкілі жүктеген міндеттерді орындау үшін КОІСА жіберетін Корей Республикасының азаматтары;

(г) "Қазақстан Республикасындағы КОІСА-ның қызметін үйлестіру мәселелері жөніндегі жауапты өкіл" - осы Келісімнің 5-бабында және 6-бабының 2-тармағында көзделген міндеттерді орындау үшін Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі тағайындаған Қазақстан Республикасының азаматы;

ж ә н е

(д) "КОІСА қызметін үйлестіру мәселелері жөніндегі Корей Республикасындағы Қазақстан Республикасы Елшілігінің жанындағы жауапты өкіл" - осы Келісімнің 6-бабының 1-тармағында көзделген міндеттерді орындау үшін Қазақстан Республикасының азаматы.

3-бап

Корей тарабы бюджеттік қаржы бөлулер шегінде еріктілерге мыналарды ұсынады:

(а) Корей Республикасы мен Қазақстан Республикасы арасындағы халықаралық жол
ж ү р у а қ ы с ы н т ө л е у ;

(б) олардың қызметі кезеңінде ай сайын ұстау;

(в) өз міндеттерін орындау кезінде талап етілуі мүмкін материалдар мен
м е д и ц и н а л ы қ к ұ р а л д а р ; ж ә н е

(г) медициналық қызмет көрсету мен емдеуге жатқызудың тиісті деңгейі.

4-бап

1. Еріктілер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес салықтарды, алымдарды және бюджетке төленетін басқа да төлемдерді, сондай-ақ кедендік төлемдерді төлеуден босатылады.

2. Өкіл, сондай-ақ оның персоналы мен КОІСА үйлестірушілері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес салықтардан, алымдардан және бюджетке төленетін басқа да төлемдерден, сондай-ақ кедендік төлемдерден босатылады.

5-бап

Қазақстан тарабы атынан Қазақстан Республикасындағы КОІСА қызметін үйлестіру мәселелері жөніндегі жауапты өкіл осы Келісімнің 1-бабының 1-тармағында көрсетілген тиісті жоспарларда көзделген міндеттерді орындау кезінде оның тұрақты өкіліне, сондай-ақ оның персоналына және КОІСА үйлестірушілеріне жәрдем көрсетеді .

6-бап

1. Қазақстан тарабы атынан КОІСА қызметін үйлестіру мәселелері жөніндегі Корей Республикасындағы Қазақстан Республикасы Елшілігі жанындағы жауапты өкіл еріктілердің, сондай-ақ КОІСА өкілінің, оның персоналының, үйлестірушілері мен олардың отбасы мүшелерінің визаларын ресімдеу, оларды тіркеу және қайта тіркеу жөніндегі қажетті шарттылықтардан өтуде жәрдем көрсетеді.

2. Қазақстан тарабы атынан Қазақстан Республикасындағы КОІСА қызметін

үйлестіру жөніндегі жауапты өкіл корей тарабының сұрауы бойынша еріктілерге, сондай-ақ КОІСА өкіліне, оның персоналына және үйлестірушілеріне тұру үшін тұрғын үй іздеуде жәрдем көрсетеді.

7-бап

Қазақстан тарабы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес КОІСА-ның тұрақты өкілінің, персоналының және үйлестірушілерінің, еріктілердің, сондай-ақ олардың отбасы мүшелерінің Қазақстан Республикасында болған кезеңінде жеке қауіпсіздігі мен сақталуын қамтамасыз ету үшін барлық ықтимал шараларды қабылдайды және оларға арнайы аймақтарды қоспағанда, Қазақстан Республикасының аумағы бойынша еркін жүріп-тұруға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес кепілдік береді.

8-бап

КОІСА-ның тұрақты өкілі, оның персоналы мен КОІСА үйлестірушілері, олардың отбасы мүшелері, сондай-ақ еріктілер Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтауға, сондай-ақ жалпы қабылданған нормаларға сәйкес келген елі халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын құрметтеуге тиіс.

9-бап

Еріктілерінің табысты қызметі үшін Тараптар Тараптардың кез келгенінің сұрауы бойынша консультациялар өткізеді.

10-бап

Осы Келісімді түсіну мен қолдануға қатысты барлық даулар Тараптар арасындағы консультациялар мен келіссөздер арқылы шешіледі.

11-бап

Осы Келісімге Тараптардың өзара жазбаша уағдаластығы бойынша түзетулер енгізілуі мүмкін. Осыған ұқсас кез келген түзетулер жеке хаттамалармен ресімделеді және осы Келісімнің ажырамас бөліктері болып табылады.

12-бап

1. Осы Келісім қол қойылған сәтінен бастап күшіне енеді.
2. Осы Келісім белгіленбеген мерзімге жасалады және Тараптардың бірі осы Келісімнің қолданылуын тоқтату ниеті туралы басқа Тараптың жазбаша хабарламасын

алған күнінен бастап алты ай өткенге дейін күшінде болады.

2006 жылғы _____ қаласында әрқайсысы қазақ, корей, орыс және ағылшын тілдерінде екі данада жасалды, әрі барлық мәтіндердің күші бірдей.

Осы Келісімнің ережелерін түсіну немесе қолдану жөнінде келіспеушіліктер туындаған жағдайда, Тараптар ағылшын тіліндегі мәтінге жүгінетін болады.

Қазақстан Республикасының

Үкіметі үшін

Корей Республикасының

Үкіметі үшін

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК